

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Монетарлыққа жататын қызметті айқындау туралы» 2005 жылғы 26 қарашадағы № 153 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2014 жылғы 25 шілдедегі № 154 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 14 тамызда № 9690 тіркелді

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Б а с қ а р м а с ы **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Монетарлыққа жататын қызметті айқындау туралы» 2005 жылғы 26 қарашадағы № 153 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3996 тіркелген) **м ы н а д а й** **ө з г е р і с** **е н г і з і л с і н :**

1-тармақтың жиырма жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«ақша-кредит саясаты, қаржы жүйесінің тұрақтылығы, макропруденциялық реттеу, өңірлік қаржы орталығын құру және дамыту, валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелеріне байланысты қызметті іске асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алу, сондай-ақ көрсетілген мәселелер бойынша консультанттар мен кеңесшілердің қызметін сатып алу.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен **с о ң** **қ о л д а н ы с қ а** **е н г і з і л е д і .**

Төрағасы	Ұ л т т ы қ Б а н к Қ. Келімбетов
----------	---